

**"Әуе көлігімен багажды, поштаны және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 1118 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 911 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда № 18045 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әуе көлігімен багажды, поштаны және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 1118 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12545 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуе көлігімен багажды, поштаны және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

2018 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

2018 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

2018 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрлігі

2018 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2018 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 911 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 27 қарашадағы  
№ 1118 бұйрығымен  
бекітілген

**Әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары**

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-64) тармақшасына сәйкес әзірленген және әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйелерді біріктіру – Қазақстан Республикасында қолданылатын деректерді берудің стандартты хаттамалары негізінде екі немесе одан көп ақпараттық жүйелер арасында ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

2) алдын ала ақпарат – Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) кедендік шекарасы арқылы өткізілуі болжанатын тауарлар, осындай тауарларды ЕАЭО тасымалдайтын халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары, тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына келу уақыты мен орны туралы электрондық түрдегі мәліметтер;

3) әуежай – әуе кемелерін қабылдауға және жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсаттар үшін әуеайлағы, аэровокзалы, сондай-ақ басқа да қажетті құрылыстары мен жабдығы бар құрылыстар кешені;

4) багаж – әуе кемесінің бортында тасымалданатын жолаушылардың немесе экипаждың жеке заттары;

5) декларант – тауарларды декларациялайтын не өзінің атынан тауарлар декларацияланатын тұлға;

6) "E-Freight" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі "E-Freight" АЖ) – әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды автоматтандыруға және мониторинг жасауға арналған жүк авиатасымалдау саласындағы қағазсыз құжат айналымының ақпараттық жүйесі;

7) жекеше әріптес – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын (бұдан әрі – МЖӘ шарты) жасасқан жеке кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

8) жерде қызмет көрсету қызметтерін беруші – әуежайды пайдаланушыны және өз әуе кемелеріне, жолаушыларға, багажға, жүктер мен поштаға өз бетінше қызмет

көрсететін авиакомпанияны қоспағанда, әуежай аумағында жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – қызмет көрсетуші компания);

9) жүк – почтаны, борттық қорларды және багажды қоспағанда, әуе кемесінің бортында тасымалданатын кез келген мүлік;

10) кеден органдарының ақпараттық жүйесі – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің алдын ала ақпараттандыру, тауарларды кеден шекарасы арқылы тасымалдау, тауарларды кедендік рәсімдермен орналастыру, кедендік бақылау, оның ішінде тауарларды шығарғаннан кейін бақылау жүргізумен байланысты кедендік операциялар жасауға арналған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – кеден органдарының АЖ);

11) МЖӘ шарты – МЖӘ шарты тараптарының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘ жобасын іске асыру шеңберіндегі МЖӘ шартының өзге де талаптарын айқындайтын жазбаша келісім;

12) тасымалдаушы – әуе көлігімен жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

13) уақытша сақтау қоймаларының иесі (бұдан әрі – УСҚ иесі) – Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 503-бабында белгіленген талаптарға сай келетін заңды тұлға;

14) уәкілетті агент – әуе кемесінің пайдаланушысын білдіретін, осы пайдаланушының әуе кемесінің, экипаждың, жолаушылардың, багаждың, жүктердің, почтаның және борттық қорлардың келуіне, жөнелтілуіне және ресімделуіне байланысты рәсімдерді орындау кезінде ол тікелей уәкілеттік берген немесе оның атынан әрекет ететін тұлға;

15) Ұлттық пошта операторы (бұдан әрі – пошта операторы) – "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген міндеттемелер жүктелген, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, пошта саласындағы уәкілетті орган айқындайтын пошта;

16) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық түрде берілген және электрондық цифрлық қол қою (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландырылатын құжат;

17) ЭЦҚ – ЭЦҚ құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және ЭЦҚ құрамының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жинағы.

**2-тарау. Әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі**

3. Қазақстан Республикасының аумағында әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру үшін қолданыстағы халықаралық стандарттармен және хаттамалармен үйлесетін "E-Freight" АЖ енгізіледі.

4. "E-Freight" АЖ авиациялық жүк тасымалдауларына қатысатын тараптардың мынадай функцияларын автоматтандыруға арналған:

1) тасымалдаушылардан, уәкілетті агенттерден, қызмет көрсетуші компаниялардан, пошта операторларынан, әуежайлардан, УСҚ иелерінен (бұдан әрі – ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар) электрондық құжаттар мен хабарламаларды қабылдау/тапсыру;

2) электрондық құжаттар мен хабарламаларды жинау, өңдеу және сақтау;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау.

5. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар "E-Freight" АЖ пайдалану үшін "E-Freight" АЖ жеке серіктесі – иесімен шарт жасасады.

6. Электронды түрде әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасау барысында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің "E-Freight" АЖ барлық өзара іс-қимылдары ақпараттандыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының контурындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен "E-Freight" АЖ-ның өзара іс-қимылы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы жүргізілді.

7. Тасымалдаушы немесе оның тапсырмасымен әрекет ететін уәкілетті тұлға жөнелту пунктінен электрондық құжаттарды "E-Freight" АЖ жібереді:

1) авиажүкқұжаты;

2) жүк ведомосі;

3) үйдегі авиажүкқұжаттарының ведомосі.

УСҚ иесі немесе қызмет көрсетуші компания "E-Freight" АЖ келетін багаж, пошта жөнелтілімдерін және жүк бойынша тиісті ақпаратқа рұқсат алады және оны өңдеу кезінде багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүкті алу туралы және әрбір жүк авиажүкқұжаты бойынша оның дәрежесін өзгерткені туралы электрондық растауды әзірлейді, ал пошта жөнелтілімдері мен жүк ЕАЭО кірмейтін мемлекеттерден келген жағдайда, пошта жөнелтілімдері мен жүктің келуін тіркеу үшін кеден органдарына қосымша ақпарат береді.

Әрбір жүк авиажүкқұжаттары бойынша дәреже тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне "E-Freight" АЖ электрондық хабарламалар түрінде жіберіледі.

Жөнелту пунктіндегі уәкілетті агент және/немесе декларант "E-Freight" АЖ жұмыс істеу кезінде, қажет болған жағдайда, инвойс, қаптау парағы, сертификаттар (болған жағдайда), қауіпті жүк декларациясы (қажет болған жағдайда) туралы мәліметті қоса, пошта жөнелтілімдері мен жүктер бойынша электрондық құжаттар және/немесе тиісті ақпаратты ұсынады.

8. ЕАЭО құрамына кірмейтін мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына пошта жөнелтілімдері мен жүкті кіргізген жағдайда, тасымалдаушы немесе оның атынан әрекет ететін уәкілетті тұлға "E-Freight" АЖ арқылы ЕАЭО мен Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес кеден органдарына алдын ала ақпарат береді.

9. Егер құжаттарды ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар мынадай түрде ұсынатын болса, кеден органдары құжаттарды қабылдайды:

1) ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылардың ЭЦҚ расталған электрондық құжат түрінде;

2) электрондық құралдар арқылы берілген электрондық түрде.

Егер кеден органдарына электрондық құжат түрінде берілген жағдайда, қағаз тасығышта ұсынудың қажеті жоқ.

10. Электрондық құжаттар мен хабарламаларды тарату үшін "E-Freight" АЖ кеден органының АЖ интеграция жүргізіледі.

11. Алдын ала ақпарат алынған жағдайда, кеден органдарының АЖ ұсынылған мәліметтің толықтығы, бүтіндігі және қайшылықсыздығын форматтық-логистикалық қадағалау (бұдан әрі – ФЛҚ) жүргізіледі.

12. ФЛҚ-дан ойдағыдай өткен жағдайда, кеден органдарының АЖ алдын ала ақпаратты тіркеуден өткізеді, содан кейін тасымалдаушыға немесе оның атынан әрекет ететін уәкілетті тұлғаға "E-Freight" АЖ арқылы тасымалдың бірегей сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ТБСН) берілгені туралы хабарлама жіберіледі.

Алдын ала ақпаратты тіркеуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда, кеден органының АЖ тіркеуден бас тартуды әзірлейді және бастапқы ақпарат бас тартуға негіз болған бұзушылықтар жойылғаннан кейін қайта ұсынылуға жатады.

Көрсетілген хабарламаларды жіберу мерзімі кеден органының АЖ алдын ала ақпаратты алған сәттен бастап 15 минуттан аспауға тиіс.

13. Әуе кемесі межелі пунктке келген кезде, тасымалдаушы немесе оның атынан әрекет ететін уәкілетті тұлға "E-Freight" АЖ арқылы кеден органының АЖ келу туралы хабарлама жібереді.

Тасымалдаушы немесе оның атынан әрекет ететін уәкілетті тұлға келгені туралы хабарламада алдын ала ақпаратқа алынған ТБСН көрсетеді.

14. Қазақстан Республикасының әуежайларынан пошта жөнелтілімдері мен жүктерді жөнелтуге дайындау кезінде:

1) уәкілетті агент "E-Freight" АЖ мынадай мәлімет жібереді: авиажүкқұжаттары, инвойстар, қаптау парақтары, сертификаттар (болған жағдайда), қауіпті жүкке декларациялар (қажет болған жағдайда), жүк жөнелтушінің нұсқаулығы (қажет болған жағдайда);

2) УСҚ иесі және/немесе қызмет көрсетуші компания уәкілетті агенттен пошта жөнелтілімдері мен жүктерді қабылдау кезінде "E-Freight" АЖ-ға пошта жөнелтілімдері мен жүктердің дәрежесіне қарай ақпарат енгізеді, хабарлама автоматты түрде тасымалдаушылардың ақпараттық жүйесіне жіберіледі, сондай-ақ "E-Freight" АЖ электрондық жүк ведомосін қалыптастырады;

3) тасымалдаушылар "E-Freight" АЖ мынадай электрондық құжаттар жолдайды: жүкті құжаттық жинақтауға арналған өтінім және авиажүкқұжаттары.

15. Пошта жөнелтілімдері мен жүктерді ЕАЭО кедендік аумағынан жіберуге "E-Freight" АЖ қолданумен кеден органының және кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

Кеден органдарының жүкті жіберуге рұқсаты ЕАЭО және Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес ұсынылады.

16. Жүктерді Қазақстан Республикасының ішінде тасымалдау кезінде қағаз құжаттарды толықтай жою мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық жүйесімен біріктіру жүргізіледі немесе ветеринарлық, фитосанитарлық бақылау қызметкерлерінің "E-Freight" АЖ-мен тікелей жұмыс істеуіне мүмкіндік беріледі.

Егер құжаттар электрондық түрде берілген болса, оларды қағаз тасығышта көрсету талап етілмейді.

Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, ақпараттық іс-қимылға қатысушылар өзара іс-қимылды қағаз тасығышта жүзеге асырады.